

## *2022 жылдың мамыр айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу*

Мамыр айының екінші онкүндігінде республиканың солтүстік жартысындағы барлық астық егілетін аудандарында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін (культивациялау, гербицидтермен, улы химикаттармен өңдеу) жаздық дәнді дақылдарды егуге кіріскен. Егін егуге қанағаттанарлық жағдай болған, жауған жауын-шашын, әсіресе елдің батысында топырақ ылғал қорын біршама толықтырған.

Елдің солтүстігінде, шығысында және орталығында жаздық дәнді дақылдардың ерте себілген егістіктерінде «дәннің өнуі» – «түйін тамырларының пайда болуы» фазасы байқалған, өсімдіктердің жағдайы жақсы.

Еліміздің оңтүстік облыстарында орын алған бірқалыпты жылы, кей жерлерде нормадан жоғары жауын-шашынды ауа райы жаздық дәнді дақылдардың өсуі мен дамуы үшін қолайлы болған. Жаздық бидай «дәннің өнуі» – «түптенуі» кезеңдерінде, жаздық арпа «көктеуі» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы», ерте егілген егістіктерде «масақтануы» – «гүлденуі» фазаларында, жағдайы тегіс жақсы.

Оңтүстік облыстарда жылу сүйгіш дақылдарды себу науқаны аяқталған, вегетациялық суаруға, қатарлар арасын қопсытуға, күріш чектеріне су жіберуге кіріскен.

Алматы, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында картоп отырғызу, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында күнбағыс тұқымын себу жұмыстары жалғасуда, барлық жерде жұмыс сапасы жақсы. Қостанай және Ақтөбе облыстарында майлы зығыр егу аяқталуда.

Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында күздік бидайдың өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар байқалған, жауын-шашын топырақтағы ылғал қорын толықтырған. Даму фазасы «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» - «гүлденуі», жағдайы өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында жеміс дақылдарында «жемістердің қалыптасуы» және «өскіндердің өсуінің соңы», таңқурайда – «гүлденуі» фазасы байқалған. Жеміс дақылдарының жағдайы өте жақсы және жақсы.

Елдің оңтүстігінде жоңышқа, беде және эспарцет шөптерінің жағдайы жақсы, даму кезеңі «гүл шоғырының пайда болуы» - «гүлденуі».

Қостанай, Қарағанды облыстарындағы бақылау учаскелерінде еркекшөптің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, Павлодар облысының жеке учаскелерінде шөптердің малмен тапталуы байқалған.

Мамыр айының екінші онкүндігінде жайылымдық мал шаруашылығы аудандарында ауа температурасының ауытқуының теріс мәндері тек батыс облыстарда ғана байқалған және минус 3°C-тан 0°C дейін болған, қалған аумақтарда ауа температурасының ауытқулары оң болған және 0°C плюс 4°C дейін жылған. Елдің батысы мен оңтүстік-шығысындағы жайылымдарда айтарлықтай жауын-шашын болған.

Барлық мал шаруашылығы аймақтарында мал жайылымы жүргізілген.

Қырқу, қойларды профилактикалық шомылдыру және ветеринариялық іс-шараларда жалғасуда.

Шабындықтардың жағдайы көбінесе жақсы, өте жақсы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Балқаш аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Түркістан облысының Созақ ауданында және Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында байқалған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы жайылымдар қатты тапталған.

Жамбыл, Түркістан және Маңғыстау облыстарында топырақтың өнімді ылғал қоры оңтайлы, Алматы, Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе облыстарында қанағаттанарлықтан оңтайлыға дейін, қалған облыстарда топырақтың ылғалдану жағдайы жеткіліксізден оңтайлыға дейін қалыптасқан.